

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND
SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY



Барманқұлов оқулары
аясында отетін
**«САНДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ
ДӘУІРДЕГІ БҰҚАРАЛЫҚ
КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН
ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2014 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической
конференции - Барманкуловские чтения
**«СРЕДСТВА МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ
В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

28 февраля 2014 года

MATERIALIS

International scientific-practical conference
Barmankulov reading
**«MEDIA COMMUNICATIONS
IN THE DIGITAL ERA:
NEW OPPORTUNITIES
AND PROBLEMS»**

28 february 2014



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Барманкүлов оқулары аясында өтетін

«САНДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ДӘУІРДЕГІ
БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2014 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
Барманкуловские чтения

«СРЕДСТВА МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ
В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»

28 февраля 2014 года

MATERIALS

International scientific-practical conference
Barmankulov reading

«MEDIACOMMUNICATION SIN THE DIGITAL ERA:
NEW OPPORTUNITIES AND PROBLEMS»

28 february 2014

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

2. Логикалық екпін. Мұнда ойдың сөйлем немесе сөзарасында белгілі бір көтеріңкі леппен кейбір сөзге ерекше мән беру арқылы орындалады, яғни айтылуында сөйлемдердің ішіндегі негізгі ойдың мәні қай сөзге түсіп тұрса, сол сөз логикалық екпінмен айтылады, бір ойдың түйіні беріледі.

3. Психологиялық, эмоциялық екпін. Мұнда көңіл-күйге әсер беретін сөздердің дауыс ырғағына байланысты болады. Сөйлемдер ішіндегі немесе текстердегі кейбір сөз оралымдары осы психологиялық, эмоциялық рольді атқарады.

Н. Мухамедиева,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың оқытушысы

ҒАЛАМТОРДЫҢ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Бүгінгі күні адам баласының басты қажеттіліктерінің бірі – ғаламтор желісі. ХХІ ғасырдың ең маңызды технологиясы саналатын ғаламторсыз өмірімізді елестете алмаймыз, тіпті, онсыз қоғамда тысқары қалғандай сезінесің. Қазіргі статистикаға сүйенсек, елімізде 2 миллионнан астам адам ғаламтор желісін пайдаланады. Ал, ғаламторды тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз. Елімізде ғаламторға деген қажеттілік жыл санап артып келе жатқанына қарамастан, желіге қосылу құны өте жоғары.

Байқап қарасақ, бүгінде ғаламтор жастардың айнымас бір бөлігіне айналғандай. Өйткені, жолда, жұмыста, тіпті ас ішіп отырса да ұялы телефонға немесе агентке телмірген жастарды көретін болдық. Басым көпшілігін сыртқы орта, айналасы, ата-анасы, достары, оқу мәселесі қызықтырмайтыны соншалық, ғаламторға сүйеніп, кітап оқуды, ізденуді қойды десек те болады. Өйткені, ғаламторға кіріп, керекті мағлұматтың атын жазсаңыз болғаны, түрлі рефераттар, зерттеулерді тауып, дайын нәрсені шығарып, мұғалімге өткізе салады. Бұрындары бесік жырын, әжесінің ертегісін тыңдайтын бала, қазір компьютердің ойындарын, ғаламтордың мағлұматтарын тыңдайды. Көзінің майын тауысып кітап оқып, кітапхана табалдырығын тоздыратын оқушы, бүгінде интернет клубтың табалдырығын тоздыруда. Бұрындары Қыз жібек пен Төлегендей жарасып, сезімдерін көзбен ұғынған жастар бүгінде агентпен ұғанатынтай дәрежеге жетті. Сонымен қатар, сүйегі енді қатып келе жатқан баланың компьютер алдында ұзақ отырғаннан көзі талып, жотасы сыздап, төй-төйлап қадам басқаннан-ақ көзілдіріктің көмегіне жүгініп жатқаны. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сөулесі көзге кері әсерін тигізіп қана қоймай, баланың ұдайы отырғанынан түрлі ауруларға шалдығатынын жақсы біледі. Онымен қоса, компьютерге енгізілген ойындар атыс-шабыс, қан төгу және жауыздыққа бағытталған болып келеді. Өсы ойындарды бала ойнағаннан, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздеріңізде білесіздер. Сөйте тұра, көп ата-аналар балалардың қолына ақша беріп немесе компьютер әперіп, тіпті ғаламторға да қосып қойып жатады.

Ұдайы компьютердің алдында отырып, аталмыш ойындарды ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс-тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратынын дәлелдеген. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында ақша табудың оңтайлы жолын тауып алған. Яғни компьютерлік ойынханалар ашып, оларды жақсылап жарнамалап, еңбектеген баладан еңкейген қариямызға дейін өздеріне тартып қана қоймай, жаман қылықтарға, тәуелділікке, түрлі қылмыстарға бағыттап отырғаны айқын. Өсы ойындардың орнына өзіміздің ұлттық ойындарымызды насихаттап, балаларды қызықтыра отырып баулыса, неге ойнамасқа. Тек бізде бұған ниет жоқ. Бұл ғаламтордың еліміздегі бас қатырар мәселесі болса, көңіл қуантарлығы, қазақ сайттарының сапасы жыл санап артып келе жатыр. Соған байланысты оқырман көзқарастары да осыдан 5 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда, әлдеқайда әр алуан, іздену аясымен, туындап отырған қажеттіліктері де көп-ақ. Жастарға арналған massaget.kz, kalaysin.kz, ikitap.kz, abai.kz, arhar.kz, т.б сайттар болса, ал шекаралас шет мемлекеттерден келіп, онсыз тұра алмайтындай қанымызға сіңген желілерді айтпасақ та болады.

Ал жас шамасы орта есеппен 35-45 жасты қамтитын бауырларымыз ғаламтордан қандай ақпараттар іздейді екен? Сауалнаманың нәтижесінде білгеніміздей, көпшілігі жұмысқа қатысты ақпараттар мен күнделікті жаңалықтарды іздестіріп отырады екен.

Ғаламтор тақырыбы сөз болғанда, қылаң беретін тағы бір өзекті жайт, газет-журналдардың сатылымының азаюы, жазылу көлемінің қысқаруы. Бұл бүгінде көптеген газет-журналдардың

жабылуына әкелін отырған жағдай. Интернеттің зияны осыдан да байқалады. Қолжетімді жерде дүңгіршекке барып алмай, оқыған оңай болғанымен, бұл есте сақтау қабілетінің нашарлауымен қоса түрлі қоз ауруларына да алып келеді.

Ал кейбір жақтаушылар пікірінше ғаламторда көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады.

- Алысты жақындату;
- Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру;
- Сана-сезімді жоғарылату;
- Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру;
- Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру;
- Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бөсекелесу;
- Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу;
- Халыққа түрлі жолдармен көмек көрсету;
- Ғаламтор арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;
- Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыру;
- Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
- Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
- Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға, не сатуға;
- Қаржылық операциялар жасауға;
- «Mail.Ru Агент», «Facebook», «Skype» т.б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейне-байланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп-біле бермейтін жаңа көзжикстерін айтып тауысу мүмкін емес... (материалдарды және моральді жағынан болсын).

Ғаламтордан көптеген жапа шегеміз деп қол қусырып отыра берсек, оның мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Одан да ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. Ғаламторға кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Алдымен денсаулықты сақтауымыз керек деп жатырсыздар. Әрине, бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда, техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса, денсаулыққа зиян тимейді. Ғаламтордың пайдасы көп. Ғаламтор арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба және т.б. керекті материалдарды ғаламтор желісі арқылы табуға болады. Қоғамның пікірінше ғаламтордың пайдасы өте зор.

Қарсы пікірлер де аз емес. Мысалға алар болсақ: қазіргі таңда ғаламтор әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Ғаламторға жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни ғаламтор арқылы хат алысып, сөйлесу-баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлесу мәдениетінен айырылады. Компьютерден болінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы - ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы.

Қорыта айтқанда, ғаламтордағы ақпаратты қай елде тұрмасын, адам баласы өз игілігіне жаратуы өз қолында екені даусыз. Ғаламторға деген оң көзқарастармен терісінде де айтылып жатқан пікірлердің бәрі де рас, айқын. Ғаламтор - ғаламды жақандатты. Заман талабы, қоғам қажеттілігі күшейген кезеңде, өмірді қолжетімді құралсыз елестету қиын. Жастарды ғаламтор тәрбиелеуде. Бүгінде жастардың 80% ғаламторды қолданушылар, яғни бұл дегеніміз шексіз құралға шектеу мен сүзгі қажет. Ғаламторға жарияланған кез-келген ақпарат өз ізін қалдырады, осыны қолға алған мемлекет қызметкерлері медиа контент сапасын жақсартуға жағдай жасауда.

Жастарға ақпарат, қолжетімді біліммен әлемді байланыстырып отырған ғаламтордың бүгінде берері зор.

МАЗМҰНЫ

Барманкулова Б. ДОРОГИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ И СТУДЕНТЫ!	3
Әбдиманұлы Ө. ТАҒЫЛЫМҒЕР ТУРАЛЫ СӨЗ	4
Сұлтанбаева Г.С. МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ ФЕНОМЕНІ	7
Тапанова С.Е. ҰЛТТЫҚ-РУХАНИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКА	8
Қабылғазина К. ЖАНРЛАРДЫ ЖҮЙЕЛЕП, ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗГЕН ҒАЛЫМ	12
Медеубекұлы С. ШЕШЕНСОЗ АТАЛЫМЫНЫҢ МӘНІ	14
Әбдіжәділқызы Ж. БАРМАНҚҰЛОВ ТҮЖЫРЫМДАРЫ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ШЫНАЙЫ АҚПАРАТТЫҢ ДӘЙЕКТІЛІГІ МЕН ДЕРЕКТІЛІГІ	18
Өзбекова Г. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ САТИРА	20
Жақсылықбаева Р. ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІНДЕГІ ЖУРНАЛИСТІК ПАЙЫМ	23
Абдраев М.К. КОНВЕРГЕНЦИЯ ЖӘНЕ ТЕЛЕАРНАЛЫҚ ХАБАРЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫЛЫҒЫ	25
Иманқұлова С.М., Қарабаева Х.Ә. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ВИРТУАЛДЫ МЕКТЕБІ - «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ	27
Әбдиева Р. КІТАП ЭЛЕМЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	32
Омарова Б. ҚАЗАҚ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК	36
Нуриден Р. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РАДИОЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТАРИХЫ	40
Жанақова М. РЕПОРТАЖДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАНРЛАРМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ	44
Құрманбаева А., Әлімжанова А.Б. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ SMM СТРАТЕГИЯСЫ	47
Мамырова К. СӨЗ – РАДИОХАБАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУШІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	48
Мухамедиева Н. ҒАЛАМТОРДЫҢ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ	51
Ақынбекова А. РАДИОБАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОНЛАЙН-РЕЖИМІНДЕ ТАРАТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	53
Тілепберген А. МУЗЫКАЛЫҚ ФОЛЬКЛОР – ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ	55
Майкотова Ж. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ЫҚПАЛЫ	57
Бегімтаев Ш. ҚАРАХАНИДТЕР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰРАНЫҢ РӨЛІ	59
Күзербаева А. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ	62
Сайдахмет А. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАР	65
Токбергенова Д. СЫРТҚЫ ЖАРНАМАНЫҢ ҚАЛА ӨМІРІНДЕГІ ДАМУ ЖОЛЫ	68
Лескенқызы К. ОТАНДЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	70
Оспанбаева А. БАСПА ІСІНІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР	73
Ахметов М. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ ИНТЕРФЕЙС ТҮРЛЕРІ	74
Реметов М.Ш. ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ КӨСЕМСӨЗДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ СИПАТЫ	76